

**Қазақстан Республикасында зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмудің тәртібі туралы Ережені бекіту туралы**

*Күшіні жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1286 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 сәуірдегі № 347 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.02 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Z100291 қараңыз

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмудің тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 18 қазандағы  
N 1286 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасында зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмудің тәртібі туралы**

**ЕРЕЖЕ**

1. Зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көму тәртібі, сондай-ақ зиянды заттарды жинау, оларды жер қойнауына көмуге дайындық және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көму кезіндегі талап етілетін құжаттар тізбесі осы Ережемен белгіленеді.

2. Зиянды заттарды жер қойнауына көмуді қоршаған ортаның жер бетінде және ашық жерлерде жатқан, қолдануға және қайта өңдеуге жарамайтын улы химикаттардан, сілтілерден, қышқылдардан, пайдалануға тыйым салынған

өнімдер мен материалдардан ластануын алдын-ала сақтандыруға бағытталған уақытша әрекет деп қарау керек. Болашақта көмілген зиянды заттар мен пайдаланылған ағын сулар қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологияларды қолдана отырып пайдаға асыруға немесе жойылуға жатады.

3. Зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көму үшін тиісті түрде жабдықталған табиғи жер асты қуыстары, кен шығарылған жерлер, скважиналар мен арнайы салынған қоймалар пайдаланылады.

4. Зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмуге рұқсатты Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі береді.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен. P980578\_

5. Зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмуге рұқсат алу үшін жер қойнауын пайдаланушы төмендегідей құжаттарды тапсыруы тиіс:

зиянды заттарды және (немесе) пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмуге тапсырыс;

жер қойнауына көмуге жататын зиянды заттардың және (немесе) пайдаланылған ағын судың сипаттамасы;

зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көму үшін жер асты ғимараттарын салуға және пайдалануға беруге арналған лицензияның көшірмесі;

осы жер ғимараттарын жергілікті тұрғындар мен қызметкерлер үшін қауіпсіздігі туралы тиісті органдарының қорытындысы; облыстық табиғатты қорғау мекемесінің қорытындысы.

6. Тапсырыс қоса берілетін құжаттарды көрсете отырып, мекеменің фирмалық бланкісінде жасалады.

7. Жер қойнауына көмуге жататын зиянды заттар мен пайдаланылған ағын су туралы сипаттама мынадай мәліметтерден:

өнімнің (материалдың) атауынан; нәтижесінде зат пайда болатын технологиялық өндіріс немесе процесс туралы мағлұматтан;

заттың жеке сипаттамасы (өрт жарғыш қауіптілігі, ерігіштігі, сақтау кезінде басқа заттармен қосылуы және басқа);

зиянды заттардың және пайдаланылған ағын судың жылдық көлемінің пайда болуы, пайдалану, зиянсыздандыру және сақтау;

пайдалануға және зиянсыздандыруға қолданылатын технологиялар туралы қысқаша мәліметтерден;

зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жинау, тасымалдау және

сақтау жүйесінің сипаттамасынан;

зиянды заттардың және пайдаланылған ағын судың толық химиялық құрамы мен қауіптілік сыныбын көрсететін уландырғыш компоненттерінің мазмұнынан т ұ р а д ы .

8. Санитарлық қадағалау органдарының қорытындысында зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көму кезінде санитарлық гигиена ережесін сақтау туралы және жергілікті тұрғындарға, қызметкерлерге олардың зиянсыздығы туралы мәліметтер болуы керек.

9. Кен қадағалау органдарының қорытындысында зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көму үшін жер асты ғимараттарының, құралдар мен қолданылатын жабдықтардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер б о л у ғ а т и і с .

10. Табиғат қорғау жөніндегі облыстық органның қорытындысында зиянды заттарды және (немесе) пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көму шарттарының экологиялық қауіпсіздігін растауы керек.

11. Зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көму жөніндегі тапсырыс материалдары толық көлемде Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне беріледі және бұл құжаттар тапсырылған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде қаралуға тиіс. Осы кезеңде рұқсат берілуге немесе дәлелді бас тартылуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен. Р 9 8 0 5 7 8 \_

12. Рұқсатты ұзарту үшін қажетті материалдар Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне, алдында берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі біткенге дейін тапсырылады.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен. Р 9 8 0 5 7 8 \_

13. Зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көму үшін жер асты ғимараттарын салу жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдік берілген органдарында сараптаудан өтуі керек.

14. Зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмуге байланысты жер асты ғимараттарын жобалауға инженерлік-гидрогеологиялық зерттеулер кешенінің негізінде көмілетін зиянды заттар мен пайдаланған ағын судың белгілі бір шекарадан әрі жайылмау мүмкіндігі туралы және олардың жер қойнауының көршілес учаскелеріне және жерасты суларына қосылуын болғызбау кепілдігін қамтамасыз ету жөніндегі алынған анық геологиялық мәліметтер болғанда ғана жол беріледі.

15. Зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды көму кезінде олардың белгілі бір шекарадан әрі жайылмау мүмкіндігі туралы және жер қойнауының көршілес учаскелеріне тарамау кепілдігін қамтамасыз ету жөніндегі анық геологиялық деректердің болуы туралы мәліметтер жер қойнауын пайдалану лицензиясында көрсетіледі.

16. Жер қойнауын пайдаланушылар зиянды заттарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмуге арналған жер асты ғимараттарын салу және пайдалануға беру кезінде:

халықтың өмірі мен денсаулығын қорғауды;  
табиғи ландшафттарды, жарамсыз болған жерлерді қайта өңдеу және өзге де геоморфологиялық құрылымдарды сақтауды;  
жер қойнауының жоғары қабаттарының энергетикалық жағдайының қасиетін жер сілкінісін, көшкінін, су басуды, жер астындағы судың тасуын болдырмау мақсатында сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.